

7. Жумашев Ж.Ж., Алимжанова Ш.С., Горяев М.И., Сеитов З.С. Электрофоретическое изучение белкового состава сыворотки овец // Изв. АН. КазССР. Сер.биол. – 1973. - N 5. – С. 66-71.

Камбаров А.А., Жұмашев Ж.Ж., Салханова С.Н.

СИБИРДЫҢ ҚАН САРЫСУЫНАН ИММУНОГЛОБУЛИНДЕРДІ БӨЛУ

Мақалада сиыр қаны сарысуынан G-иммуноглобулинді бөліп алу әдісі баяндалған. Құрамында барлық иммуноглобулиндер бар препарат каприл қышқылы арқылы бөлініп алынды. Таза G1 және G2- иммуноглобулиндер хроматография әдісімен ДЭАЭ-сефадекс-А-50 арқылы алынған. Белоктар тазалығы электрофорез және иммуноэлектрофорез арқылы тексерілген.

Кілт сөздер: Белоктар, қан сарысуы, қан сарысуы белоктары, иммуноглобулиндер, иммуноглобулин G, иммуноглобулин M, иммуноглобулин A, электрофорез.

Zhumashev Zh.Zh., Salhanova S.N., Kambarov A.A.

SEPARATION OF IMMUNOGLOBULINS G FROM COW BLOOD SERUM

In the paper are given the results of investigation on separation of immunoglobulins G from cow blood serum. Separation of the protein containing all classes of immunoglobulins was realized by caprylic acid. The obtaining of high purification immunoglobulins G1 and G2 are realized by column chromatography on DEAE-sephadex A-50. The checking of purity of separating immunoglobulins and their identification were carried out by methods of electrophoresis and immunoelectrophoresis.

Key words: Proteins, serum of blood, immunoglobulins of blood serum, immunoglobulins, immunoglobulin G, immunoglobulin M, immunoglobulin A, electrophoresis.

ӘОЖ: 637.12.61:645.26

Қазықанұлы О., Әділқанқызы А., Бодайқызы Б., Шәріпұлы М.

*Шыхызы университеті жануарлар ғылымы институты,
Шин Жяң Шиху ауданы мал дәрігерлік пункті*

ШИН ЖЯҢНЫҢ ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа Мақалада шінжяң жылқы шаруашылығының жалпы жағдайы сөзге тиек етіліп, жылқының өңірлік орналасуы және жылқы тұқымын сапаландырумен түрлі жылқы өнімдерін құнттап мәнерлеу жағындағы түрлі ғылыми жетістіктер баяндалған.

Кілт сөздер: тұқым жетілдіру; өңірлік орналасу.

Кіріспе Жылқы шаруашылығы мал шаруашылығының маңызды құрамдас бөлегі болып қана қалмастан, заманауи ауыл шаруашылығымен жаңаша ауыл-аймақ құрудың маңызды мазмұны, халықтық экономика мен қоғамды дамытудағы орны кем болса болмайтын негізгі шаруашылықтардың бірі [1]. Шин Жяң еліміздегі жылқы байлығы ең мол әрі жайы орналасқан, кәсіптену өресі біршама жоғары автономиялы аудан болып, жылқы шаруашылығын өркендетудің тамаша абзалдылығына ие.

Жылқы шаруашылығын күш сала дамыту, Шин Жяңның дәстүрлі жылқы шауашылығын заманауи жылқы шаруашылығына айналдырудың аяқ алысын жеделдетіп, дихан малшылардың кірісін арттыруда, еңбек өнімділігін жоғарлатып ауыл шаруашылығын осызамандандырумен социалистік жаңаша ауыл-қыстақ құру жұмысын ілгерлетуде маңызды стратегиялық мәнге ие.

Материал мен әдістер

1. Шин Жяң жылқы шаруашылығының жалпы жағдайы.

(1) Жылқы саны және оның өңірлік орналасуы

Шин Жяң еліміздің дәстүрлі жылқы бағымшылық ауданы болып, жылқы саны жағынан мемлекетіміз бойынша алдыңғы орынды иелеп келеді. Статистикалық санаққа негізделгенде, қазір Шин Жяңда шамамен 800 мың бас жылқы бар ол, бүкіл елдегі жылқы жалпы санының 14%-ын иелейді екен. Негізгі жылқы тұқымдарынан Қазақ жылқысы, Баркөл жылқысы, Қарашәрі жылқысы, Қырғыз жылқысы қатарлы 4 жерлік жылқы тұқыммен Іле жылқысы, Аратөрік жылқысы қатарлы 2 жетілдірген жылқы тұқымы бар[2]. Қазір тек Қырғыз жылқысы ғана Памир үстіртіне орналасқан, Шин Жяңдағы басқа жылқы тұқымдарының басым көп бөлімі түгелімен Тянь Шан тауы және оның солтүстігіндегі мал шаруашылық аудандарына орналасқан. Қазақ жылқысы мен Іле жылқысы негізінен Іле қазақ автономиялы облысына қарасты аудан-қалаларға, Шауешек, Алтай аймақтарына орналасқан; Баркөл жылқысы мен Аратөрік жылқысы негізінен Құмыл аймағына орналасқан. Ал қарашәрі жылқысы болса Байынғұлын маңғол автономиялы облысының солтүстігіндегі 4 ауданға орналасқан.

(2) Жылқы тұқымын жетілдіру жағдайы

Тәуелсіздіктен бері, Шин Жяң шетелден сапалы жылқы тұқымдарын кіргізу арқылы сапаландыру жұмысын жүргізіп, жергілікті жылқы тұқымының сапасын үздіксіз көтеріп, ілгерінді-кейінді Іле жылқысы, Аратөрік жылқысы қатарлы сапалы жылқы тұқымдарын жетілдіріп шықты. Мұның ішінде Іле жылқысының үлесі ерекше болып, қазір елімізде өндірілген ең сапалы жылқы тұқымына айналып, ел ішіндегі спорттық жылқыларының 70%-ын иелеп өтер[3]. Таяудағы жылдардан бері, Шин Жяң мал шаруашылығының үрдіс дамуымен малшылардың жаппай ортақтасуына байланысты, жылқының рөліде біртіндеп жай өндіріс пен жұмыстық шаруашылықтан спорттыққа қарай ойысып, бәйге, ат ойыны, спорттық көңіл ашу қатарлылар біртіндеп еліміз жылқы шаруашылығының негізгі даму беталысына айналды. Қазір Шин Жяңда жылқыны сапаландырудың екі бағыты біртіндеп қалыптаса бастады: Біріншісі Таза қанды жылқы, Ақалтеке, Орыстың жүйрік жылқысы қатарлы шет елдің сапалы жылқы тұқымдарын пайдаланып Іле жылқысын жалғасты сапаландырыу арқылы, спорттық, бәйге жылқыларын дамытып, Бей Жиң, Гуаң Жоу қатарлы жерлердің бәйге базарына салу. Екіншісі: Жаңа қырғыз жылқысы қатарлы шет елдің ауыр салмақтағы жылқы тұқымдары мен жергілікті жылқы тұқымдарын будандастырып, етті, сүтті бағыттағы жылқы тұқымдарын дамыту[4]. Қазір Іле жылқысында да еттік, сүттік жылқы топтары біртіндеп қалыптаса бастады. Ал Шин Жяңдағы басқа жылқы тұқымдары тек салт мініс және сойысқа ғана істетілуде.

(3) Қымызбен жылқы етінің тұтынылу жағдайы

Жылқы Шин Жяңның қоғам тарихында зор үлесі бар мал түрі болып қана қалмастан, Шин Жяң мал шаруашылық экономикасының маңызды құрамы есептеледі. Ол бір жағынан өндіріс материалы болса енді бір жағынан тамаша тұрмыстық материялы саналады. Ежелден «Ат үстіндегі ұлт» деп аталып келген Шин Жяңдағы халық санның 10%-ын иелейтін Қазақ, Қырғыз, Маңғол, Тәжік қатарлы аз ұлттардың жылқыға деген сүйспеншілігі соншалық, жылқы олардың өндіріс, тұрмысындағы жақсы серігі болып қалмастан, осы ұлттардың ұлттық мәдениеті мен көркем өнерінде де маңызды рөлі бар. Жылқы еті олардың негізгі тағамы болса, қымыз олар үшін зәмзәм суындай қадірлі. Сол себепті жылқы еті мен қымыздың мал шаруашылық аудандарындағы тұтыну мөлшері өте жоғары.

(4) Жылқы өнеркәсібі дамуының негізгі жағдайы

Жылқы өнеркәсібі дегеніміз жылқы және жылқы өнімдерін жалпы беттік ашу және одан пайдалану өнеркәсібі. Шин Жянда қазір жылқы өнеркәсібін дамытуда мемлекеттің өнеркәсіп саясаты, өндіріс шарт жағдайы, технологиялық жабдық және базар қажеті қатарлы объективтік шарт-жағдайларға негізделі отырып, спорттық жылқы жетістірумен түрлі биотехнологиялық бұйымдар, жылқы еті, қымыз қатарлы жылқы өнімдерін өндіруді негіз еткен, көп бағытты әр салалы шаруашылықтар жүргізіліп, жалпы беттік ашып пайдаланумен қайталай өңдеу жағында белгілі деңгейдегі өнеркәсіптік негіз қалыптаса бастады.

2. Шин Жяң жылқы шаруашылығының даму болашағы.

(1) Жылқының биотехнологиялық өнімдерін өндірудің аяқ алысы тездеді

Биотехнологиялық дәрі жасау технологиясының біртіндеп дамуына байланысты, түрлі жаңа типтегі жылқы биотехнологиялық бұйымдары жарыққа шыға бастады. Іле өзені аңғары Шин Жяндағы жылқы байлығы жиі орналасқан өңір болып, қазір қоспа аналық гормон, буаз бие қан сарсуы жыныстық қоздырғыш гормоны және қайталап өңделген түрлі жылқы майы өнімдері қатарлы био бұйымдар өндіретін түрлі кәсіпорындар құрылып, өнімдері еуропа-америка базарларында сатыла бастады. Жылқы майынан биотехнологиялық өнімдер өндіретін бір кәхана жылқы майын құнттап айырып мәнерлеудің жаңа әдістемесін игеріп, мемлекеттік патент құқығына тіркелді[4]. Сөйтіп, Шин Жянда түрлі био бұйымдар өндіру жылқы шаруашылығын дамуының тағы бір жаңа кәсіп көзіне айнала бастады.

(2) Жылқы шаруашылығындағы ғылыми ізденістер нәтижелі болды

11-ші бес жылдық мезгілінде орындалған «Таза қанды жылқы және оның өзіндік қасиетін өлшеу технологиясын енгізу арқылы спорттық Іле жылқысын жетілдіру жөніндегі ізденіс», «Іле жылқысын бағып баптау және оның өнімдерін ашып пайдалану», «Сүтті жылқы тұқымын енгізу және оны будандастырып пайдалану әдісі» қатарлы мемлекеттік ғылым және білім министрлігінің ғылыми-зерттеу тақырыптары сәтті орындалып, спорттық жылқысын сапаландырумен тауарландырудың негізін қалады, әрі бір кезекте дарынды технологтар қорын даярлап, асыл тұқым енгізу және оны өсіріп көбейту жағында мемлекет бойынша алдыңғы орынға шықты.

(3) Түрлі жылқы ойыны мерекелік қимылдары оздырылып, жылқы шаруашылығының ықпалы арта түсті.

Зерттеу нәтижелері мен талдау Жақындағы жылдардан бері Шин Жянда жылқы шаруашылығы селбестігі, жылқы спорт қоғамы қатарлы жылқы шаруашылығына қатысты түрлі қоғамдық ұйымдар көптеп құрылып, ат бәйгесі, көкпар, жылқы бұйымдар көрмесі, жылқы мәдениет апталығы қатарлы түрлі мәдени қимылдар оздырылды. Сонымен қатар, Шин Жяңның оңтүстігімен солтүстігіндегі қала қалашықтарда түрлі ат ойыны клубтары құрылып, жаңаша ат ойыны спорттық алаңдары салынды. Бұл жергілікті халықтың мәдени тұрмысын байытып қана қалмастан, жылқы бапкерлерінің кірісінде молайта түсті. Сөйтіп, жылқы шаруашылығын жаппай дамытуға толық мүмкіншіліктер жасалып, жылқы шаруашылығының халықтық экономика мен мәдениет саласындағы ықпалы арта түсті.

Қорытынды Шинжянда жылқы шаруашылығының дамуында, ең алдымен жылқы тұқымын сапаландыру жұмысын мықты ұстап, базардың сапалы жылқыға деген сұранысын қанағаттандырумен бір уақытта, қазіргі ең жаңа техникалық жетістіктерді толық пайдаланып, өндіріс шарт-жағдайын жақсартып, жылқы өнімдерінің техникалық өресін жоғарылатып, өнімнің бәсекелік қуатен арыттыра түсіу тиіс. Сонымен қатар, жылқы шаруашылығын өркендетуде маңызды рөл атқаратын ірі ұйтқы кәсіпорындардың сүйемелдеумен орта және кіші шаруашылық орындарын қыржыландыру қызметін өзара ұштастыру арқылы, жылқы шаруашылығының үрдіс дамуына белгілі өндірістік негіз қалау қажет.

Әдебиеттер

1. Wukeliang, wuchangxin қатарлылар. Жылқы шаруашылығындағы зерттеулер және оның даму жағдайы[J] // Қытай мал шаруашылығынан үзінді, 2006. -(1): 26-28.
2. Liu shao bo, Осы заманғы жылқы шаруашылығынан үзінді [G], Бейжің, Қытай ауыл шаруашылық баспасы. -2007 ж. №1.
3. Liu Xin Chun қатарлылар. Қытай жылқы шаруашылығының даму жағдайы[J]// Қытай ауыл шаруашылық инфрамаңасы, -2008 ж. -(9):18-19.
4. Wei Rui, Yuan Tan, Xiao Hai қатарлылар, Жылқыны бағып баптауға әсер ететін негізгі факторлар[J] // Шин Жян ауыл шаруашылығы, -2013 ж.50(4):737-743.

Казыканулы О., Адилканқызы А., Бодайқызы Б., Шарипулы М.

СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ КОНЕВОДСТВА В ШИН ЖЯНЕ

В этой статье рассматривается общее положение коневодства в Шин Жяне. Здесь отражены научные достижения в области спортивных лошадей и воспроизводство качеств породных лошадей.

Ключевые слова: совершенствование пород, региональный расположение.

Kazykanuly O., Adilkankyzy A., Bodaykyzy B., Sharipuly M.

STATE OF DEVELOPMENT OF HORSE BREEDING IN SHIN ZHYAN

This article deals with the general situation of horse breeding in Shin Zhyan, also is recognized scientific achievements in study of sport horses and reproduction qualities of thoroughbred horse.

Key words: improvement of breeds, regional location.

ӘОЖ 637.12'6:636.295

Қосалиева Г.Б, Серікбаева А.Д.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ

СҮТТЕГІ ЛАКТОПЕРОКСИДАЗА ФЕРМЕНТІНІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа Мақалада түйе және сиыр сүтінің лактопероксидаза ферментінің белсенділігі туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеу нәтижесінде, түйе сүтіндегі лактопероксидаза ферментінің белсенділігі (орташа мәні – $9,8 \pm 0,06$ ед/мл) сиыр сүтіне (орташа мәні – $6,9 \pm 0,07$ ед/мл) қарағанда жоғары болды. Түйе сүтіндегі лактопероксидаза ферментінің белсенділігі лактацияның 4-ші айында, ал сиыр сүтінде 3-ші айда максималды мәнге тең.

Кілт сөздер: сүт, фермент, лактопероксидаза, лактация т.б.

Кіріспе Фермент дегеніміз (лат.fermentum- ашыту деген мағына білдіреді). Сүт ферменттері олардың сүт өнеркәсібінде қолдануына байланысты 2 топқа бөлінеді: 1) сүттің сапасын бағалау үшін және физико-химиялық қасиеттерінің көрсеткіштері ретінде қолданылатын ферменттер; 2) сүтке механикалық және басқа әсер етуші заттардың дәрежесіне тест ретінде қолданылатын ферменттер. Сау малдан алынған сүттің құрамына 100 түрлі ферменттер болады. Соның ішінде, жануарлар типіне және тұқымына байланысты сүт безінде 70 фермент синтезделеді.